

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

В статье говорится сходства поэтической стили и национального характера поэтики в годы независимости.

Жалпы, әдеби жанр – шығарма туралы тұтастай көркем-эстетикалық түсінік беруге қабілетті, әдебиет-танушылық категориялардың бірі болып табылады. Бір ғана нақты көркем мәтіннің ұйымдастыру деңгейін білдіретін тектің, композиция мен сюжет, көркем кеңістік/уақыт, түр-тұлға, пафос категорияларына кара-ғанда, жанр аталған түсініктерді «жинақтауды» көздейді. Әдеби ғұрып-тардың ауысу кезеңінде поэтикалық рефлекстенудің екі түрі күшке ие болады. Бір жағынан, жанрлық ғұрыптарға қатысы жоқ, сезімдік лирикалық көрініс басымдыққа ие болады. Поэтикалық шығармашылық-тың екінші түріне - жеке-авторлық жанрлық түзілістерге деген қызығушылықпен бірге жүретін, және поэзияның қарқынды меңгеруінің векторын іске асыратын, классикалық жанрлардың қайта жаңғыртылуы жатады. Мұндай шығармашылық әлемсезінудің құрылымын талдауға деген, оны өмірдің жеке тәжірибесі аясынан алып шығып, болмыстың қолданыста болған «бөтен» моделдерімен салыстыруға деген саналы ұмтылыспен кездеседі.

XX ғаырдың поэзиясындағы ғұрып-тылықтың нығаюы – қағидалылықты жоққа шығарудың бір әдсінің өзі болып табылады, неге десеңіз «...кез келген шектің өзі, өз шектеген нәрсені ерекшелеуге және оны нығайтудың әдісі болып табылады» [1]. Әдеби сана-сезімнің қарқын алу кезеңдерінде жанрдың ғұрыпшылдық қызметі күрт қарама-қарсы жаққа ауысады: жанр шығармашылық жанаруға деген интенцияны ұстап тұрады, және онымен қоймай, оны үнемі жаңартып отады. Осы бастамалардың екішұтылығымен танылған жанр, қарама-қайшы болса да, өте маңызды әдеби шығармашылықтың белгісіне айналады.

Жанрлар ең алдымен өзінің көпжақтылығына қарай, жүйелеуге аса икемсіз болып табылады. Кез келген тарихи-әдеби дәуір өзінің жанрларын: ежелгі грек лирикасы – элегеияны, ямб, эпиникий, эпитафияны; провансаль әдебиеті – канционаны, пастораль, альбаны; Қайта өрлеу лирикасы – сонетті, классицизм дәуірі – трагедия, оданы «әкелген» еді. Оның үстіне, авторлар жиі ретте, өздерінің мәтіне жанрлық-бейтарап коннотацияға сәйкес келмейтін ерекше жанрлық тақырып атауын беруге тырысады.

Сонымен қатар, өздерінің дәуірі үшін өзекті болып табылатын жанрлардың құрамы да өзгеріп отырады. Бұндай өзгерістер, негізінен, қалыптасқан көркем-эстетикалық жүйедегі «жылжуы-ны» есебінен іске асырылады: бір жанрлық әлемкөрінісі өзінің өзектілігін жоғалтып, әдебиеттің екінші деңгейіне ауысады, ал басқасы «тәуелді жанр» сипатына еніп, дәурдегі өзгерген сана-сезімді кескіндейді. Жанр моделдерінің бірінің ескіріп, классикалық тұғырдан тұрақтанған екіншілерінің қайта жаңырылуымен қатар, жаңа жанрлық түрленулер пайда болып жатады. Танымал жанрлардың өзектіленуі әрқашан, жанрдың факторлары және жанрлық өзгерістердің шектері туралы мәселені ашық күйінде қалдырып, жанрлық құрылымның қайтадан туындауы үрдістерімен ұласып жатады. Осылайша, жанрлардың қайта құрылуының ақырғы үрдістерінің біріне XVIII – XIX ғасырлардың аясы жатады. Романтика алды кезеңінің мәдениетін-дегі эстетикалық құрылымдардың өзгеруі, классикалық әдебиет жанр-ларының қағидасыздануына әкеліп, әдебиеттануды таңдау алдына қойды: не XVIII аяғы мен XIX ғасырдың басынан шыққан

көркөм мэтіндерді жанр (өлең түріндегі роман, романтикалык поэма, фрагмент, өзгөртүлгөн эллегиялар, балладалар, жолдаулар және т.б.) деп санамауды, немесе барлык тарихи кезеңдерде жанрлардын құрылымдык бірлігін ашуға мүмкіндік беретін және қағиданың инвариантын жанрлык-қағидасыз мэтінмен салыстыруға рұқсат беретін, жанрдын мұндай теориялык моделін немесе сәйкес ғылыми-танымдык құрал табуды қажет етті.

Жанрлар «эволюцияға ұшырауға» немесе түрленуге қабілетті болып табылады. Жанрлардын әлемнің алғашқы берілген көрінісін сақтап (бұл жағынан сонет - өте ерекше жанр болып табылады), тұрақтылыққа ие болатыны тек бірден-саран. Өзінің жанрды ажырататын категорияларының табиғи түрленумен бірге ұласатын, жанрлар-дын эволюциялык-келісімді дамысы, жанрлык үрдістерге күрт өзгерістер енгізетін шұғыл бетбұрысты дәуірлер-дің ықпалымен «тоқырауға» ұшырап жатады.

Жанрлык түрленулердің аталған жақтары тағы бір, жанрлык мазмұны мен тектік мағына арасындағы тұрақсыз байланысты табуға мүмкіндік береді. Ал өзінің түрлену кезеңіндегі жанрды даралау және жіктеу мүмкіндігі, жанрлык үрдістерді әдеби-онтология-лык тұғырынан қарастыру мүмкіндігін береді.

Қазіргі замандык жанрлык-поэтика-лык үрдісті зерттеу мақсатында, жанр – мэтіннің барлык деңгейлерін әлемнің бір көрінісіне біріктіретін, шығарманың тұрақты құрылымының тарихи қалып-тасқан түрі - деген, жанр тұжырым-дамасын ұсынамын. Оның әлемнің көрінісіне деген қатысы - өзінің тіршілік етуінің барлык кезеңдерінде сақта-латын, жанрдын болмысын түсінудің ең маңызды деген жағына жатады деп санаймын.

Жанр өзегінің категориясын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған еді. Осылайша, поэма жанрларын талдай отырып және поэмалардын әртүрлі тарихи типтерін жан-жақты жанрлык анықтамаға жатқызу мүмкін еместігін дәлелдей отырып, «Дегенмен, онда поэма емес нәрсені поэма қылуға әлі жететін әлдене қалған сияқы... Құрылымның осы принципі сақталса, бұл жерде жанрды сезіну де сақталмақ...». Осыдан, Ю.Н.Тыньянов қазіргі замандык әдебиеттануда жанрдын «өзегі» немесе «моделі» деп аталатын нәрсені «құрылымды принцип», - деп атайды.

Жанрдын тарихи дамуы барысында сақталып келе жатқан механизмнің «өзінің өзгергіштігінің бағытымен» бара-бар екендігі туралы Н.Д.Тамар-ченко айтып, «жанрдын ішкі өлшемі» деген атауды қабылдауға табандайды. Зерттеушінің аталған атауға берген түсінігі, «жанр өзегі» мен «ішкі өлшемді» біршама дәрежеде бара-бар деп қабылдауға мүмкіндік береді: ақырғысы «...берілген жанрдын кез келген шығармасында іске асырылатын, дайын құрылым сызбасы болып табылмайды, ол тек логикалык тұғырдан құрылып, бірқатар шығарма-лардын жанрлык құрылымдарын салыс-тырмалы түрде талдауға негізделеді».

Ал әлемнің жанрлык моделі туралы мәселеге Н.Л.Лейдерман жіті назар аударады [2]. Зерттеушінің пікірінше, «...жанрлык құрылымның мағынасы ... әлемнің қандай да бір образдык «моделін» құрудан тұрады, ондағы барлык тіршілік иесі өзінің мақсаты мен тәртіпке ие болып, өмірдің әлдебір заңдарына сәйкес іске асырылатын, болмыстың көрінісіне енеді...».

Шынымен де, дәуірлік жанр үрдісте-рінің қалыптасуы мен мағынасының логикасы, жанрлардын сұранысқа ие болуы немесе олардан түбегейлі бас тарту, ең алдымен, жанрдын әлем көрінісін қалыптастыратын қызметтің пәрмендігіне байланысты болып табылатынын дәлелдейді. ХХ ғасыр аяғындағы мәдениет, жанрлык поэтиканы жокқа шығару өзектілігін мүлде жоғалтқан сәтке келді. Екі өткен ғасыр жанр туралы классикалык түсініктің күл-паршасын шығарды.

Жанрлардың дағдылы жүйесінің бұзылуы, қоғамдық-экономикалық фор-мациялардың және жеке сана-сезімнің сәйкес типтерінің, мәдени-эстетикалық парадигмалардың алмасуы себебінен пайда болды. Романтикалық өзіндік ырық тұлғаны ең алдымен жанрдың әлем көрінісінде сипатталған «жалпы» және «маңыздыдан» алшақтатып, келешек ақындарының міндетті түрде әлемтанымның әртүрлі типтеріне «формулалық» түрде қайтып айналатынын алдын-ала белгілеген еді. «Күміс ғасыр» өзінің көрінісшілдігімен, бұзақылығымен, және құдайға қарсылы-ғының арқасында XIX ғасыр бойы қалыптасып келген романның жанрлық моделін шығарып тастағанымен, кейінірек романизацияның «басқа» деңгейіне шығып, өзінің таңдауын үлкен контекстілік бірліктерге тоқтатты. Революциялық XX ғасыр, адамды тұлғасыз қылып, оны мәдени жадқа, рухани-өзіндік болмысына деген құқығынан айырып, уақыттың көрінісі ретінде өзінің жанр жүйесін түзіп, шынайылықтың шығармашылық-жанрлық түрленуіне мүлдем жат болуымен ерекшеленеді. Жанрлардың «псевдоклассикалық» жүйесі заманның эстетикалық талаптарын емес, әлеуметтік идеологиялық тапсырысты орындады. Сондықтан, кеңес дәуіріндегі әдебиеттегі поэманың апофеозын көркем көрінісінен гөрі, саяси себебі бар деп қарастыру дұрысырақ болып табылады. Басқа да қалпына келтірілген жанрлардың аясындағы жағдай да дәл осылай қалыптасады (ертегі, роман, ода, баллада).

Мыңжылдықтар шегі жанрдың қоғамдық-тарихи және мәдени-эстетикалық негізделгендігін теңестіріп, замандастың сана-сезімін өзінің өмірінің идеологияға тәуелді деген түсініктен арылтып, әртүрлі замандар мен халықтардың мәдениетіне қолын жеткізіп, өткен заманға жаңаша көз тастатады. Мұндай мәдени жағдайдағы әлемнің жанрлық моделі көркем шығармашылық тәжірибесімен қатар, әдебиет теориясы үшін аса маңыздыға айналады.

Берілген тұжырымға, жанрлардың мәселесіне қатысты әдістің тағы да бір, өзгеше болса да, маңыздылығы одан кем соқпайтын: жаңа заман лирика-сында әлемнің түбегейлі жаңа жанрлық көріністері пайда болмайды; негізгі жанрлық моделдердің жетілу және қалыптасу заманы терең артта қалды деген, тағы бір тұжырым пайда болады. Осы тұжырымға түсінік бере отырып, басты мақсаты – шынайылықтың көркем баламасын, нақтырақ айтқанда, тұлғаның шынайылыққа деген қарым-қатынасын құрастыру болып табыла-тын, жанрдың эстетикалық болмысына көңіл аударайық. Әртүрлі эстетикалық (мысалы, тамаша, жаман, сұмдық, қайғылы) жағдайларды тани отырып, алғашқы адам көркем шығармашылықта әртүрлі, бірақ бірнеше ғана, әлемнің сезіммен құрастырған көрінісін келтірді. Әбір адам өмірінің логикасына сәйкес, кез келген тарихи уақыт кесіндісінде бір кездері тап болған ситуацияларды қайта алып келеді: мадақтау арқылы идеалдарын тұғырлау (ода, гимн, дифирамб), үлкен күмән (сонет), күйзеліс (элегия), жалған құндылықтарды келекелеу (комедия, басня) немесе оларды келмеждеу (памфлет) және т.б. Идеялық-сезімдік мазмұнның қандай да бір нақтыла-нуының нәтижесінде, тарихи тұғырдан әлем көрінісінің бірімен байланысатын белгілі бір жанрлық құрылымға ықпалын тигізеді. Жер бетіндегі өмірдің мыңдаған жылда-рының өзі, шынайылыққа деген эстетикалық болмысқа күрт өзгерістер енгізе алмаған еді. «Жаңа» заман эстетикалық күйзелістерге ықпалын тигізіп, оны шынайылықтың бір кезеңде эмоциялық түрде әрбағытты тіршілік ететін, баға берудің бірқатар типтеріне жіктеп тастады. Эстетикалық сезімдер-дің мұндай алуандығы әлемнің түбегейлі жаңа жанрлық көрінісін енгізуге негіз бермегенімен, XVIII-XXI ғасырларда әдебиетте өмір сүрген, жанрларды жіктеуге деген интенцияның тіршілік еткенін айқындайды.

Сәйкес, жанр өзегінің мығымдығын түсіндіретін екінші себебіне, пражанр-лардың қалыптасу факторлары туралы мәселе жатады. Әрбір жанр, әдебиет тарихы көрсеткендей, дәуірдің жай-күйіне, тұлғаның қажеттілігіне немесе өнердің ішкі заңдылықтарына қарай сұранысты болды. Бір кездері пайда болып және ішкі және сыртқы тұлға бірлігіне ие болған жанр, енді іштей қайта жаңғыртылмай, әлем моделінің тұғырынан қарастырыла бастайды. Оның сыртқы нобайы кейбір өзгерістерге енсе де, бұл жанр өзегін өзгертпейді.

Жалпы, жанр ашықтан-ашық, ғұрыптарды мирас етуге бағытталса да, ақырғысы өзінің көне

түрлерімен мүлтіксіз генетикалық байланысын анықтайтындыктан, «жаңа» деп аталатын жанрлардың пайда болған сәтінде де, жанрлық құрылымдардағы «әлемге тән» нышанды жоғалтпайды. Мұндай мазмұн, мысалы, бойына мен поэманың, әлем көрінісін жинайтын, векзаметрдың қазіргі замандық жанрында, әлемдік моделдеудің кезеңдік ең ежелгі түрі бар, алғашқы сыңарлардың жанрлық моделдерін жіктейтін контексттерде кездесіп жатады.

Шынайылық қалыптастыратын, және осыдан, коммуникативті және баға беруші қызметті атқаратын «жанр жады» категориясы, танымдық қызметті атқаратын «жанр тұлғасы» түсінігімен тікелей байланыста болып табылады. «Жанр жадын» әдебиетшінің амагер-шілік-кәсіби кодексі деп білуге де болады, өйткені өзінің шығармаларын туындай отырып, ол өткен әдебиетпен қарым-қатынасты сыпайы түрде орнатуы тиіс. Автордың өзінің адами және көркем өнер тәжірибесін болмыстың «дайын» формулалары ретіндегі тіршіліктегі жанрлармен байланыстыра білуі «жанр жады» түсінігімен реттеледі. Әдетте, ақын немесе жазушының дүниетанымын оның шығармашылығында бір немесе бірнеше жанрлық басымдылықтың болуы анықтайды, дәуірдің эстетикалық идеялары, өз кезегінде, олар да заман жанрларын анықтайды – олардың көркем түзілістері мен әлем картинасы заман идеясын ең шынайы қылып сипаттайды. Дегенмен, жанрларды қайта құру үрдісі жеке сана-сезім және мәдени-эстетикалық, заманның философиялық тұғырларына қарай - қарама-қарсы жаңартылатын жанрлардың ықпалымен іске асырылады. Жанрдың «ескі» тұлғасының қазіргі замандық мәдени-тарихи шынайылықпен өзара байланысуының нәтижесінде, ағымдағы жанрлық үрдіске бағалауға мүмкіндік беретін жанрдың тұлғасы қалыптасады. Осыған сәйкес, егер 1990-жылдардағы ақындар кезеңдік контекстінің жанрлығының шынайылығына жаңа көзқарас «енгізсе», онда бұл айғақ постмодернизмнің түбегейлі жаңа әдебиетін түзудің және сонымен бірге, оны жеңіп шығудың әдісі ретіндегі мифтік сана-сезімді анықтауға септе-сетін болады. Кезеңділік қайталанғыш-тықтың ырғағы Болмыстың мәңгі заңдарын замандастың есіне сала отырып, постмодернистік шашыраңқылықты, бытыраңқылықты реттес-тіреді. Сонеттің дүние көрінісі де осындай үйлестіруші қызметті атқарады. XX ғасыр аяғындағы ақынның жанр жады сонеттің әлем картинасын өзектіге айналдырғанымен, оның жанр түзуші композициялық, субъектілік, ассоциативтік, формалдық-строфалық, поэтикалық стилистикалық деңгейлерін мүлде тоқыратты. Ақындардың сонетке деген басым назары шекаралық дәуірлердің рухани-эстетикалық идея-лын - әлемнің үйлесімдік құрылымына деген сенімді іске асырады.

Элегиялық әлемтанымның әлеумет-тік-тарихи сұранысы толықтай болауы қазіргі замандық жанрлық экспери-ментінің элегия тұлғасының түрленуіне ықпалын тигізді. XX ғасырдың шынайылығы элегиялық мәтіндердің бойында, бір кездері сол элегияны романтикалық жанрлар жүйесінің шыңына шығарған биік драматизмді ұстап қала алмаған еді. Жанр жады замандас ақынды элегия әлемі көрінісінің тек жарым-жартылай келтіру міндетін жүктеді, және осылайша, әдебиеттануда «көркемділіктің элегия-лық модусы» атты балама түсініктің енгізілуіне, поэзияда – әлемтанымның-дарында элегиялық сыңары бар, векзаметрдің жеке поэтикалық жанрының пайда болуын және толғауға елікте-ушіліктің пайда болуына әкелген еді.

Тарихи жанрлық сана-сезімнің қайта туындауының себептерін табу үшін, мәдениеттің жаңаруы барысында, қандай да бір қызмет атқарған жанрлардың барлығына да аса байыппен қараған жөн. Әдетте, нақты бір заманның жанрлық үрдістерін зерттеу, бір кездері жанрлық реформалардың қас ортасына орналасқан, «үлкен» аталатын жанрлардың бойында шоғырланады. Қазіргі замандық әдебиеттану поэма және романның жанрлары туралы ауқымды ғылыми-теориялық жинақтады, оған қарағанда повесть, ода, элегия, сонет, элегия, эклог, мысал, мадригал, эпиграма туралы еңбектер әлдеқайда аз. Әдебиеттанушылардың кейбірі әдеби дәуірдің сипатын аса танымал емес жанрлар арқылы түсінуге талпынып, «минус-әдісті» қолданады, зерттеудің мұндай түрі негізгі

бақылауларды түзөтүгө мүмкүндүк береді.

Осылайша, мысалы, қазіргі замандық поэтикалық сана-сезімнің «тірі» жанрларына енді альбаны, газель, сексинаны, рондоны жатқызуға болмайды. Аталған жанрлардың жады, ақырғылары бір кездері көркем түзілімдер ретінде қабылданатынын білдіреді, бірақ бұл түзілімдер уақыт ағымымен құрылымдық шарттар мен қатаң тұлғалардың дәрежесін қабылдаған, әлемнің нақты моделін суреттейді. Адамдар арасындағы қарым-қатынастарды шегіне дейін шиеленістірген, шынайылыққа деген эмоционалдық-эстетикалық қатынасына симультанализм нышанын енгізген, жаңа мыңжылдықтың шынайылығы үшін, альба мен ғазылдардың жанрлық моделдерінің біржактылығы мен мүлдем ашықтылығы өзектілігін жоғалтты.

Әдебиеттер

1. Эпштейн М. Поэма как жанр литературы. -2001, 10-б.
2. Лейдерман Н.Л. Форма и суть //Литературная газета-1965, № 98, 19 август,-с.5.
3. Тынянов Ю.Н. Становления жан-ров русской литературы. -1979, с. 16.
4. Тмарченко Н.Д. Сюжет совре-менной поэмы как синтетическая система. –М., 1983.-с. 111-119.